

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

сатып алу туралы

<тауардың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 3) тармақшасына және 158-тармағының <сатып алу үшін негіз> тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тікелей шарт жасау тәсілімен <тауардың атауы> сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші тікелей шарт жасау тәсілімен Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) сомасына <тауардың атауы> (бұдан әрі - Тауар) сатып алуды өткізетіндігі туралы шешім қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және төлейді, ал Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Тауардың бірлік бағасына, атауына, санына, жинақтылығына сәйкес Тауарды жеткізуді өзіне міндеттеме қабылдайды.

1.3. Осы Шарттағы төменде аталған ұғымдардың мынадай түсініктері бар:

- 1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және Қағидаға сай жасалған, Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық әрекетін орындау үшін тауар жеткізу туралы азаматтық-құқықтық шарт;
- 2) Тауар - Шарттың 1.1.-тармағында көрсетілген нәрселер (заттар);
- 3) Автомайқю бекеті (бұдан әрі - АМҚБ) - Алматы қаласы аумағында орналасқан электронды карта Тапсырыс берушісіне Шарт талаптарына сай Электронды карта ұсыну арқылы Тауар алу құқын беретін Тауарды сақтауды және бөлшектеп сатуды қамтамасыз ететін жабдықпен жабдықталған технологиялық кешен болып табылатын автомайқю бекеттері;
- 4) Электронды карта - Тауардың көлемі, маркасы, түрі жайында ақпараттар енгізілген

электронды шағын схемасы (чип) бар және Тауарды автомайқую бекеттері арқылы сатып алуға арналған литрлік номинал немесе ақшалай номиналмен қамтамасыз етілген Жеткізушінің автомайқую бекеттерінде Тауарды беруді есептеудің дербестендірілген техникалық құрал-пластикалық карта болып табылады. Тауар электрондық терминалдар арқылы толтырылады;

5) Өтінім - Тауардың көлемі, маркасы және түрі жайындағы ақпаратты қамтитын Тапсырыс берушінің жазбаша өтініші (Шартқа 2-Қосымша);

6) Литрлік қалта - Электронды карта иесіне осы Шартпен белгіленген тәртіпте АМҚБ-да берілетін белгілі бір түрдегі және сандағы Тауар есептелінетін Тапсырыс берушінің шартты дербес шоты;

7) «ПИН код» - АМҚБ-да орнатылған электронды құрылғы арқылы транзакция өндірісі кезінде оны сәйкестендіруге арналған Электронды картаның Жеке Сәйкестендіру Нөмірі;

8) «Транзакция» - АМҚБ-да Электронды карта иесі көрсеткенде ақшалай қаражатты шығынға жатқызатын Электронды картамен орындалатын Жеткізуші өкілдері өткізетін операция.

1.4. Төменде аталған құжаттар және олардың ішінде аталған талаптар осы Шартты түзеді және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) техникалық ерекше нұсқама (Шарттың 1-Қосымшасы);

1.5. Шарт аясында жеткізілетін Тауар Техникалық ерекше нұсқамада (Шартқа 1-Қосымша) көрсетілген стандарттарға сай немесе жоғары болуы тиіс.

1.6. Шарттың 9.3-тармағында көрсетілген дауларды қарау тәртібі Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша немесе Шартты орындау орны бойынша соттың қарауын білдіреді.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Тауар құны, <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші ҚР резиденті және ҚҚС төлеушісі болса)> кіреді.

Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Тауар жеткізуге байланысты барлық шығындары кіреді.

Шарттың Жалпы сомасы Тауардың бірлігіне бағаны өзгертпестен сатып алынған тауарлардың нақты санына байланысты азауы мүмкін. Осыған байланысты Тараптарға Шартқа қосымша келісім бекіту талап етілмейді.

Жеткізілген Тауардың нақты саны Тауарды қабылдау-өткізу актісінде (бұдан әрі - Акт) көрсетіледі.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

кезең-кезеңімен әрбір ай аяқталғаннан кейін нақты өткізілген Тауар көлемі үшін Жеткізушіден электрондық шот-фактураны, жүкқұжаттамасын және Тараптардың жауапты тұлғалары қол қойған, белгіленген тәртіппен ресімделген Тауарды қабылдау-өткізу актісін (бұдан әрі - Акт) және Тапсырыс берушіден Тауарға ұсынылған Өтінімге сәйкес белгіленген тәртіппен ресімделген пайдаланылған Тауар бойынша жиынтық есепті (келесі айдың 5-күнінен кешіктірмей) алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде жүзеге асырылады.

электронды картадағы Тауардың 1 (бір) литрінің құны Тапсырыс беруші өтінім берген күндегі автомайқую бекетіндегі ҚҚС сомасын есептегенде Тауардың 1 (бір) литрінің нақты құнын құрауы тиіс. Автомайқую бекеттерінде баға көтерілгенде 1 литр жанар-жағармай материалдары үшін баға аспауы тиіс:

- №1 лот бойынша - Дизель отыны (қысқы) (Алматы қаласы) - 1 (бір) литрі үшін _____ (сомасы жазумен) теңгеден.

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасы салық, баж және бюджетке төленетін басқа да сол сияқты төлемдерге қатысты өзгерген жағдайда, Тараптар Шартқа сәйкес өзгерістерді қос Тараптың уәкілетті өкілдерінің қосымша келісімге қол қоюы арқылы енгізуге міндеттенеді.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Жеткізушіге төлемдерді Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 10 (он) жұмыс күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып, Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіге Тауардың жеткізілуін, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санын бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғалар туралы хабарлауға;
- 2) Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізуші жеткізген Тауарды Акт негізінде қабылдауға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға;
- 4) Жеткізушіге Тауарға жазбаша өтінімді, факс бойынша өтінімді, электронды пошта бойынша немесе курьер арқылы Тауар жеткізудің болжанған күніне дейін 48 (қырық сегіз) сағаттан кешіктірмей беруге;
- 5) Электронды картаның бүтіндігін және ПИН-кодтардың жария етілмеуін, сондай-ақ Карта қолданушылардың осы Шарт талаптарын тиісінше орындауын қамтамасыз етуге;
- 6) Карта жоғалған немесе зақымдалған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге бір жойылған электронды карта үшін _____ (_____) теңге мөлшерінде электронды карта құнын өтеп беруге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Тауарды қабылдау-өткізу процесінде Тауардың сапасына және санына оның техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін растау үшін тексеруді жүзеге асыруға;

2) Жеткізуші жеткізген Тауардың саны мен сапасына, Тауардың жеткізілуін бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғаларды тағайындауға;

3) Шартты Жеткізушіні Шартты бұзу күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей бұл жөнінде жазбаша ескертіп:

- Жеткізуші Тауар жеткізу бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда;

- Жеткізуші Тауар ауыстыру бойынша шаралар қолданбаған немесе жеткіліксіз қолданған жағдайда;

- Тауарды сатып алу мақсатсыздығымен, еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауымен негізделген, сатып алу жоспарында көзделген Тауарды сатып алуға шығыстарды қысқартқан жағдайда, Тапсырыс беруші сатып алуды жүргізуден бас тартқанда;

- Тапсырыс берушінің тендер және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысатын Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген көмекті көрсеткен жағдайында;

- Жеткізуші берген мәліметтерде шынайы емес ақпараттар анықталған жағдайда;

- сатып алу қорытындыларына әсер ететін Қағидалар және (немесе) тендер және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың талаптарының бұзылғандығы анықталғанда кез келген уақытта біржақты соттан тыс тәртіпте бұзуға;

4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және өз ұйғарымы бойынша, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;

6) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

3.3. Жеткізуші:

1) Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген санда, мерзімде және талаптар бойынша сапалы Тауарды жеткізуге;

2) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жойылу, бүліну немесе кездейсоқ бұзылу тәуекелін көтеруге;

3) Тауардан қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды (оның ішінде жасырын), сондай-ақ кепілдік мерзімі кезеңінде анықтаған жағдайда, оларды Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды сапасы мен бағасы ұқсас жаңа Тауарға ауыстыруды жүзеге асыруға;

4) кепілгердің (Жеткізуші) міндеттемесін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны беру арқылы Тараптардың уәкілетті тұлғаларының Актіге қол қою күнінен бастап 12 айдың ішінде Тауардың сапасына кепілдік беруге;

5) Шарттың әрекет ету мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;

6) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

8) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара басқа біреуге бермеуге;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

10) Тапсырыс беруші электронды картаны ашуға өтінім берген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде электронды карталарды және Пин-кодтарды Тапсырыс берушіге беруге; Карталардың ПИН-кодтары Тапсырыс берушінің қалауымен тек Жеткізушінің Орталық кеңсесінде өзгертілуі мүмкін;

11) Тапсырыс берушіге нақты алынған ЖЖМ саны үшін, ай сайын, есептік айдан кейінгі айдың бесі күнінен бастап электронды карталар бойынша салықтық шот-фактуралар мен үзінді-көшірмелерді беруге;

12) Тапсырыс берушіден электронды карталарға тосқауыл қою немесе тосқауылын шешу туралы өтініш алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші өтінішінде көрсетілген электронды карталарға тосқауыл қоюға/тосқауылын шешуге;

13) Тапсырыс беруші Шарттың 3.1.-тармағы 5)-тармақшасына сәйкес жоғалған/жарамсыз болған электронды карталардың құнын төлегеннен кейін, Тапсырыс берушіге жоғалған/жарамсыз болған электронды карталардың орнына жаңа электронды карталарды беруге;

14) Тапсырыс берушіден электронды картаны ақшалай номиналдан литрлік номиналға немесе керісінше ауыстыру туралы жазбаша өтінімді алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің электронды картасын электронды карта бойынша берешектері болмаған жағдайда өтінімге сай ақшалай номиналдан литрлік номиналға немесе керісінше ауыстыруға;

15) техникалық ерекше нұсқамасына, Қазақстан Республикасында бекітілген стандарттарға және Шарт талаптарына сәйкес тиісті (жоғары) сапада Тауар жеткізуді жүзеге асыруға;

16) Шарт күшіне енген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Тауардың сәйкестігі туралы декларацияның нотариат куәландырған көшірмелерін беруге;

17) Тапсырыс берушіге Тауарға электронды картаны Акт негізінде Шартта белгіленген санда және мерзімде тапсыруға;

18) уақтылы және толық көлемде Алматы қаласында орналасқан автомайқю бекеттерінде Тапсырыс берушінің автокөлігіне Тапсырыс берушінің Тауарға берген электронды картасына сәйкес сапалы май құюға;

19) жеткізілетін Тауар сапасына кепіл міндеттерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны беру арқылы Шарттың барлық қолданылу мерзімі ішінде кепілдік беруге;

20) Тауар жеткізудің кешігуі мүмкін екендігі туралы Тапсырыс берушіні жазбаша түрде кешіктірмей хабарландыруға, мұндайда, Тауардың кешігуі 2 (екі) жұмыс күнінен аспауы тиіс;

21) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алған конфиденциалды, банктік, коммерциялық және басқа да ақпараттарды жарияламауға және құпия сақтауға;

22) Тапсырыс беруші бастамасымен Шарт бұзылған жағдайда, нақты орындаған міндеттемелер сомасын қоспағанда Тапсырыс беруші жүргізген төлем сомасын қайтаруға;

23) Тапсырыс берушіге салыстыруға әрбір электронды карта бойынша күн сайынғы есеп және

ай сайынғы есепті (келесі айдың 5-інен кешіктірмей) беруге;

24) Шартқа қол қойғаннан кейін өз есебінен электронды карталарды беруге;

25) электронды картаны пайдалану ыңғайлы болу үшін әрбір карточкаға Тапсырыс берушіден алған жазбаша өтінімге сай лимит орнатуға;

26) Тапсырыс беруші Тауардан ақаулар (кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер) анықтаған жағдайда, оның ішінде жасырыны бар, сондай-ақ кепілдік мерзімі кезеңінде, оларды өз есебінен Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде сапасы мен бағасы ұқсас Тауарға ауыстыруды жүзеге асыруға;

27) Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағанына байланысты, оның ішінде Тауарды ауыстыру бойынша шығыстарды (кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер) өздігінен көтеруге;

28) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақтылы орындауға кедергі келтіретін жағдайларға кездесе, Жеткізуші дереу Тапсырыс берушіге кешігу фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы жазбаша хабарламаны беруге;

29) Шарт бойынша міндеттемелерін орындау уақытында Жеткізуші кінәсінен келтірілген зиян немесе кеткен қателіктер себебінен Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалардың қойған даулы мәселелерін (үшінші тұлғалардың талаптары және/немесе сындары) Тапсырыс берушіні іске араластырмай өздігінен өз қаражаты есебінен шешуге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауар үшін төлем алуға;

2) Тауар бірлігінің бағасын өзгертпей жақсартылған сапалық сипаттамалары бар Тауарды жеткізуге **құқылы**.

4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ, ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі/күні – Тауарды толық көлемде жеткізудің жалпы мерзімі Шарт күшіне енген күннен бастап толық көлемде жасалады және тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзара есеп айырысу бөлігінде 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады..

4.2. Тауарды жеткізу орны: Алматы қ..

5. КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 12 айдың ішінде Тапсырыс берушінің ұсынған нысаны бойынша кепілгердің міндеттерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны ұсыну арқылы Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.

5.2. Кепілдік мерзімі кезінде жеткізілген Тауардың ақаулары анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жөнелтеді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде оларды өз есебінен жоюға немесе ақауы бар Тауарды жаңа, бағасы бойынша ұқсас және тиісті сапада (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыруға міндеттенеді.

5.3. Ауыстырылған Тауардың немесе ақаулары жойылған Тауардың кепілдік мерзімі ақаулар жойылған немесе ақаулы Тауарды ауыстыру жүзеге асырылған мерзімге ұзартылады.

5.4. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауы бар Тауардың ақауын жоя алмаған немесе жаңа, бағасы бойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыра алмаған/ауыстырудан бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

5.3. Ауыстырылған Тауардың немесе ақаулары жойылған Тауардың кепілдік мерзімі ақаулар жойылған немесе ақаулы Тауарды ауыстыру жүзеге асырылған мерзімге ұзартылады.

5.4. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауы бар Тауардың ақауын жоя алмаған немесе жаңа, бағасы бойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыра алмаған/ауыстырудан бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен, Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда -Тауарды жеткізу күнін қоса алғанда, әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасының (Шарттың Жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болса - кемінде 1%, Шарттың Жалпы сомасы 100 АЕК-тен жоғары болса - кемінде 0,5%) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) ақауы бар Тауарды ауыстыру немесе Тауардағы ақауды жою мерзімін бұзған жағдайда - ақауы бар Тауарды жаңасына, бағасы және тиісті сапасы бойынша ұқсасына (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) ауыстыру күнін немесе Тауардағы ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірген әр күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасының 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Егерде ақауларды жою және (немесе) ақауы бар Тауарды жаңасына, бағасы және тиісті сапасы бойынша ұқсасына (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда:

- Жеткізуші Тауарды қабылдау-өткізу барысында ақауы бар Тауар құнының 10 % (он) пайызы > мөлшерінде айыппұл төлейді;

- кепілдік мерзімі кезінде Жеткізуші ақауы бар Тауар құнының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді және Тапсырыс берушіге ақауы бар Тауар құнын қайтарады.

6.4. Шарт бойынша төлем мерзімін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ бұл төлем төлеуге тиіс сомадан 5% (бес пайыз) аспауға тиіс.

6.5. Тараптардың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Егер Тапсырыс беруші Жеткізушінің кінәсінен емес (Жеткізушінің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы) Шартты бұзудың бастамашысы болса, Жеткізуші Шартты бұзу күніне Шарт бойынша нақты жеткізілген және Тапсырыс беруші қабылданған Тауар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

-

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа

Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 2.1 және 10.1-тармақтарында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс берушінің Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізушінің ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 4) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамаған. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 5) Шартты ары қарай орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайларда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты

болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күнбұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілді міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – аты-жөні.

Портал заңуок Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках

<наименование товара>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 3) пункта 17 и подпунктом <основание для осуществления закупки> пункта 158 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок <наименование товара> способом прямого заключения договора <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик принял решение о проведении закупок <наименование товара> (далее - Товар) у Поставщика способом прямого заключения договора на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге __ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство осуществить поставку Товара в соответствии с ценой за единицу Товара, наименованием, количеством, комплектностью, указанными в технической спецификации, в срок и на условиях, предусмотренных Договором.

1.3. В Договоре ниже перечисленные понятия будут иметь следующие толкования:

